

каждого ученика, добиться усвоения материала всеми участниками группы. Учитель в свою очередь становится организатором самостоятельной учебно-познавательной, коммуникативной, творческой деятельности учащихся, у него появляются возможности для совершенствования процесса обучения, развития коммуникативной компетенции учащихся, целостного развития личности обучающегося.

Список литературы:

1. Лифанова Т.Ю. Критическое мышление. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 178 с.
2. Карагозина М.И. По страничкам «исследование в действии» // Білімдегі жаңалықтар. №2 (46)-2014 С.68-76

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Досмағулова Каламкуль Капеновна,
Арыстанова Сауле Азикеновна,
Нуркенова Әйгерім Дауылбайқызы*

Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, магистр, аға оқытушылары
Хамит Айтолкын Жумабаевна,
Қазақ бизнес және технология университеті, магистр, аға оқытушы

Аннотация

Өзектілігі: бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде ғылымның соңғы жетістіктерін колданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау.

Мақсаты: оқушылардың пәнге деген қызығушылығын артырып, білім, білік және дағдысын қалыптастырып, танымдық қабілеттерін дамыту.

Түйін сөздер: демократияландыру, кәсіптік психодиагностика, кәсіптік кеңес, білім беру бағдарламасы.

Аннотация

Актуальность: на сегодняшний день одной из актуальных проблем педагогической науки является подготовка духовно богатого гражданина с широким мировоззрением, способного создавать творческие работы, используя новейшие достижения науки в совершенствовании, всестороннем развитии личности.

Цель: повышение интереса учащихся к предмету, формирование знаний, умений и навыков, развитие познавательных способностей.

Ключевые слова: демократизация, профессиональная психодиагностика, профконсультация, образовательная программа.

Abstract

Relevance: today, one of the most pressing problems of pedagogical science is the preparation of a spiritually rich citizen with a broad worldview, who is able to create creative works using the latest achievements of science in the improvement and comprehensive development of the individual.

Goal: to increase students interest in the subject, to form knowledge, skills, and develop cognitive abilities.

Keywords: democratization, professional psychodiagnostics, professional consultation, educational program.

Қазіргі қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытында болып жатқан түбегейлі өзгерістерге сай республикамыздың білім беру мекемелеріндегі шәкірттің кәсіп таңдау проблемасына жаңа талаптар қойылуда.

Кәсіптік бағдар – бұл өзара байланыстағы компоненттерден тұратын тұтас жүйе. Оқушылардың әр түрлі қызметке икемділігін – ойын, танымдық еңбек арқылы қызығушылығын дамыту, кәсіптік психодиагностика, кәсіптік кеңес, кәсіптік іріктеу, кәсіптік бейімделу мен кәсіптік тәрбие қарастырады. ТМД ғалымдары Климов Е.А., Меньшиков

А.П., Платонов К.К., Шубкин В.Н., Кон И.С. және қазақстандық ғалымдар, психолог-педагогтар Жарықбаев Қ.Б., Қоянбаев Р.М., Иманбекова К., Өстеміров К., Шәметова Н., және т.б. өз еңбектерінде жас ұрпаққа кәсіби бағдар беру және мамандық таңдау мәселелерін қарастырған [1].

И.С. Кон жас ерекшеліктер психологиясында кәсіптік анықтауды бірнеше кезеңдерге бөлген.

1-ші кезең – балалар ойыны, ойын барысында бала өзінің мінез-құлқына байланысты жекелеген элементтерді, әртүрлі кәсіптік рольдерді ойнап көрсетеді.

2-ші кезең – жеткіншек фантазиясы, оқушы өзіне ұнаған кәсіпті армандап, өзін сол мамандық өкілі ретінде сезінеді.

3-ші кезең – мамандық таңдауы. Әртүрлі қызмет түрлерін сұрыптайды. Бастапқыда олар қызығушылық тұрғысынан бағалайды, сосын өзінің қабілетіне қарай, соңынан бағалау жүйесі тұрғысынан қарайды.

4-ші кезең – өзіне ұнаған кәсіпті таңдауға практикалық шешім қабылдау.

Кәсіпке бейімдеу элементтері мектептегі оқу-тәрбие процесінде жүргізілсе, мамандық таңдауда оқушы қиналмасы анық. Мәселен, сабақ үстінде, әртүрлі үйірме жұмыстары кезінде шәкірттерді тек таныстырып қоймай, бұл іске тікелей араластырып отырған абзал. Жүйелі жүргізілген жұмыстар нәтижесінде бейіндік сыныптарға баратын оқушылар саналы, мақсатты және өзі таңдаған бейінді бағыт арқылы қандай кәсіп маманы бола алатынын біледі және сезінеді.

Химияның элективті курстары арқылы оқушылардың бейімдік бағдарын дамытудың қазіргі жағдайы және оны қалыптастырудағы рөлі анықталып, негізгі мектептегі химия пәні бойынша элективті курстардың бағдарламалық мазмұнына қойылатын талаптар мен оның құрылымын анықтау жұмыстары жүргізілді.

Білім беру жүйесінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі бекіткен типтік оқу бағдарламалары қолданылады. Бірақ, «Қазақстандық білім беру жүйесін жаңашылдандыру тұжырымдамасын» іске асыру, бейіналды дайындық жүйесін енгізу көптеген әртүрлі бағдарламалар бойынша құрастыруды талап етеді. Типтік оқу бағдарламаларын негізге ала отырып, мұғалімдер бейіналды элективті курс бағдарламаларын өздігінен жасайды. Кез келген оқу бағдарламасы сияқты элективті курс бағдарламасы да – белгілі бір технология бойынша жасалатын және белгілі талаптарға жауап беретін нормативті құжат[2].

Қазіргі таңдағы оқушыларды бейімдеп оқытудың жағдайын талдай отырып, олардың негізгі ерекшеліктері анықталды: жеке білім беретін пәндерді тереңдетіп оқыту; саралай оқыту, оқушылардың өз қабілеттері, икемдері мен қажеттіліктеріне сәйкес жеке білім траекториясын таңдап алуы; білімі әртүрлі дәрежедегі оқушылардың қабілеттеріне, жеке икемдері мен қажеттіліктеріне сәйкес деңгейлеп оқыту; оқушыларды әлеуметтендіру, оларды кәсіби тұрғыдан өзіндік орын анықтай білуге дайындау; жалпы және кәсіби білім беру арасындағы байланыстың болуын, мектеп бітірушілерді жоғары кәсіби оқу орындарының бағдарламаларын игеруге дайындау; төрт курс түрлері бойынша: базалық жалпы білім беруші курстар, бейінді курстар, қолданбалы курстар және таңдау бойынша курстарынан (элективтер) әртүрлі комбинациялар жасау мүмкіндігі; негізгі мектеп оқу жоспарына міндетті таңдау курстары мен оқушылардың келешек оқу бағдарын таңдауына әсер ететін кәсіби сынақтарды енгізу арқылы бейіналды дайындықты іске асыру.

Қазіргі таңда білім беру кеңістігіндегі инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі – мектептің жоғары сатысын бейінді оқытуға көшіру болып табылады. Ол өз алдына оқушылардың қызығушылықтарын, икемдері мен қабілеттерін толығырақ ескеретін білім беру үрдісінің құрылымы, мазмұны және ұйымдастырудағы өзгерістері негізінде саралай және даралай оқытуды қарастырады.

Қазіргі кезде бейіналды курстардың нақты белгіленген типологиялары жоқ, көбінесе ғалымдар оларды үш типке пән бойынша (сынаушы), пәнаралық және бейімдеуші бөліп көрсетеді.

Пән бойынша, мұндай элективті курстарын іске асыру барысында келесі міндеттер шешіледі:

- пәндік сынақтарды өткізу; оқушының бұл бағдарға қатысты мүмкіндіктеріне баға беру, таңдалған пәнді тереңдетілген деңгейде игеруге дайындығын анықтау;
- бағдар іс-әрекеттерінің құрам бөліктерімен танысу;
- базалық пәндік білімді кеңейтіп, толықтыру, таңдау бойынша емтиханға дайындалуына жағдай жасау;

- оқушыларды берілген бағдарға сәйкес келетін іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
- Жоғарыда аталған курстарға қойылатын негізгі талаптардың бірі – олардың қысқа уақытта өткізілуі, ең тиімді ұзақтығы – бір тоқсан (8-18 сағ.). Оларға: «Химия адам өмірінде», «Химиялық мозайка», «Тіршілік химиясы», «Қызықты химия», «Химиялық эксперимент», «Химия тұрмыста» және т.с.с. жатады.

- Пәнаралық элективті курстар дәстүрлі оқу пәндерінің бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Олар мектеп оқушыларын бірқатар пәндер бойынша білімдерінің синтезін талап ететін кешенді мәселелер және міндеттермен, сонымен қатар оларды әртүрлі кәсіби салаларда шешу әдістерімен таныстырады. Мұндай курстардың міндеттері:

- оқушылардың білімін жаратылыстану-математикалық бағытта жалғастыруына бейімдеу;

- оқушылардың икемдерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту;
- әлемнің интегративті бейнесін қалыптастыру.
- Бейімдеуші элективті курстар – оқу бағдарын таңдауға және оқушылардың кәсіби бейімделуі бойынша психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Олардың алдына келесі міндеттер қойылады:

- оқушылардың қазіргі заман мамандықтар әлеміне бейімделуі үшін негіз болуы;
- типтік іс-әрекет түрлерімен іс-жүзінде танысу;
- кәсіби сынақтарды ұйымдастыру.
- Бұл курстар таныстырушы сипатқа ие болғандықтан, қысқа уақытта өткізіледі және жиі ауыстырылып отырылады. Бір курстың ең тиімді ұзақтығы – бір тоқсан.

- Бейіналды дайындық мақсаттарына, бейіналды элективті курстардың міндеттері мен атқаратын қызметтеріне орай, оларды пән бойынша (сынаушы), пәнаралық және бейімдеуші деп үш жеке топқа бөлмей, бір-бірімен тығыз байланысты тұйық тізбек ретінде қарастыру жөн деп санаймыз. Пәндік элективті курстарды 8-ші сыныпта (бейіналды дайындықты ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде) пәнге деген қызығушылықты ояту үшін ұйымдастырған абзал. Ал 9-шы сыныпта – бейіналды дайындықтың соңғы сатысында – пәндік- бейімдеуші, яғни пәнге қатысты белгілі бір іс-әрекет түріне жаттықтырушы, біліктер қалыптастырушы практикалық бағытты курстар жүзеге асырылуы тиіс. Бұл курстарды пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асыру тиімді [3].

Диалектика заңына сәйкес кез – келген құбылыс өзінің жеткен дәрежесіне қанағаттанып қалмай, оларды жоққа шығару арқылы жаңа сапаға көшеді. Сондықтан да, қазіргі оқыту жүйесінде элективті курстар оқушылардың бейімін, бағдарын таңдауына, функционалды білім алуында маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кон И.С. Психология юношеского возраста, М.: Просвещение, 2003.
2. Бейіндік оқыту жүйесі және мектеп тәжірибесі: Хромтау ауда. Ермаков Д. Профильное обучение: проблемы и перспективы // Народное образования. – 2005. – №6. – С. 209–212 ны мектептерінің іс – тәжірбиесінен. – Ақтөбе, 2009.
3. Ермаков Д. Профильное обучение: проблемы и перспективы // Народное образования. – 2005.